bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

# Жусан иісі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 28.03.2020 | https://bilimger.kz/90958/ |

<table>
<tr><td>Мектеп:</td><td colspan="2">Ақтөбе қаласы, №60 ЖББОМ</td><td></td></tr>
<tr><td>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:</td><td colspan="2">Мен балаң жарық күнде сәуле қуған.</td><td></td></tr>
<tr><td>Күні: 28.01.2020ж</td><td colspan="2">Сынып: 6<br>Қатысқандар: Қатыспағандар:</td><td></td></tr>
<tr><td>Мұғалімнің аты-жөні:</td><td colspan="2">Сырбаева Сагадат Маликовна</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="2">С. Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі</td><td></td></tr>
<tr><td>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасынасілтеме)</td><td colspan="2">6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.<br>6.3.4.2 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="2">Барлық оқушылар орындай алады:<br>1.С.Мұратбековтің«Жусан иісі»әңгімесінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсінеді.<br>2.Мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасайды.<br>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: 1.С.Мұратбековтің«Жусан иісі»әңгімесінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені екі мысал келтіре отырып,идеясын түсінеді.<br>2. Мәселенің әлеуметтік рөлі туралы бір дәлел келіре отырып сыни хабарлама жасайды.<br>Кейбір оқушылар орындай алады:<br>1.С.Мұратбековтің«Жусан иісі»әңгімесінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені үш –төрт мысал келтіре отырып, идеясы арқылы түсінеді.<br>2.Мәселенің әлеуметтік рөлі туралы 2 дәлел келтіре отырып сыни хабарлама жасайды.</td><td></td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td colspan="2">1.Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтап,идеясы арқылы түсіндіреді.<br>2.Мәселенің әлеуметтік ролі туралы сыни хабарлама жасайды.</td><td></td></tr>
<tr><td>Ойлау дағдыларының деңгейі</td><td colspan="2">Қолдану деңгейі</td><td></td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="2">Әдеби тіл нормаларын сақтайды.<br>Пән лексикасы және терминология:<br>тірек сөздер: отбасы,тәрбие, балалық шақ, Отан, ерлік, намыс, шежіре т.б<br>Оқушылар орындай алады:<br>Тірек сөздерді байланыстыра отырып, пікірлерін көзқарастарын дәлелдей алады.<br>Талқылауға арналған сұрақтар:<br>Жетім бала тағдыры қалай көрініс тапқан?<br>Жанашырлық, мейірімділік сөзінің мағынасы<br>Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:<br>Менің ойымша; пікіріме мынадай дәлелдер келтіремін; оның мынадай себептері бар; менің ойымша, сондықтан..</td><td></td></tr>
<tr><td>Құндылықтарға баулу</td><td colspan="2">Оқушылардың бойына бір-біріне деген құрмет көрсетуді,өзгенің пікірін тыңдауды, бағалай білуді қалыптастыру. Жанашырлыққа, бауырмалдыққа,мейірімділікке үйрету, қиындыққа төзе білуге баулу</td><td></td></tr>
<tr><td>Пәнаралық байланыс</td><td colspan="2">Тарих (ХХ ғасырдағы тарихи кезең, халықтың басындағы әлеуметтік жағдай), өзін-өзі тану.</td><td></td></tr>
<tr><td>Тақырып бойынша алдыңғы білім</td><td colspan="2">Сайын Мұратбековтың өмірі мен «Жусан иісі» повесінің қысқаша мазмұнын біледі. Ұлы Отан соғысы туралы түсінік қалыптасқан.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақтың жоспарланған кезеңдері.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>5-мин</td><td>Күнделікті шаралар:<br>Ұйымдастыру кезеңі. Сыныптың сабаққа дайындығын тексеру:<br>-оқу құралдары, сабаққа қатысымы,назарларының сабаққа шоғырлануы.<br>Ширату жаттығу. Тақырыпты айқындату.<br>«Алдын ала берілген атаулар» әдісін пайдаланып, тақтаға бірнеше атаулар жазылып, олардың мағынасын , өзара байланысы сұралады.Бірнеше оқушының ойы мен пікірі тыңдалады.<br>Жусан иісі, Сайын Мұратбеков, жетім бала, достық, соғыс жылдары, адамгершілік, балалық шақ, сыни хабарлама, шолақ жең, әже, ақ жейде, мұғалім, тазалық, әлеуметтік-қоғамдық мәселе, жағдай.<br>Олай болса, бүгін біз С. Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесімен толық танысып, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсінеміз және көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасаймыз.<br>«Суреттерді құрастыр» әдісі бойынша тақырыпқа сәйкес суреттердің қиындыларын құрастыру арқылы оқушыларды топқа бөлу</td><td>Сөздер жазылған таныстырылым<br><br>Суреттер қиындылары.<br>Жусан<br>адыраспан<br>алабұта<br>долана<br>жалбыз.</td><td></td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

